



**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы**

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

2025 жылғы 5 ақпанда Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Кино және ТВ» факультеті сіздерді «ҰЛТТЫҚ КОД ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ – ЭКРАНДЫҚ ӨНЕРДІ ДАМУ РЕСУРСЫ» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға шақырады.

Конференция аясында келесі бағыттар ұсынылады:

1 бөлім. Кино және телевизия

*Қазақстандағы кино өнері мен телевизия тарихы
Ақпараттық дәуірдегі кино мен телевизияның даму перспективалары
Қазіргі замандағы кино және телевизия драматургиясы мәселелері
Кинофильмдер мен телехикаялар режиссурасының ерекшелігі
Киножобалар мен телехикаялар продюсерлігінің ерекшеліктері
Экрандық өнер саласындағы авторлық құқықты қорғау
Бүгінгі киноиндустрия*

2 бөлім. Бейнелеу өнері

*Қазіргі заман контекстіндегі бейнелеу өнері дамуының негізгі үдерістері
Мәдени мұраны сақтау және дамыту: қолөнер және дәстүрлі өнер
Қазіргі кескіндеме өнеріндегі стиль эволюциясының өзекті мәселелері
Өзекті өнердің радикалды формаларының ерекшеліктері, оларды қабылдау және түсіндіру
Көркемдік білім берудің заманауи моделі*

3 бөлім. Театр және хореография өнері

*Қазіргі кинодағы театр мен хореографияның өзара әрекеттесуі
Кино мен театрдағы актерлік рөлді орындауға қазіргі заман тұрғысынан көзқарас
Сахналық безендірудің тұжырымдамалық мәселелері
Фильм мен спектакльдің бейнелеу режиссурасы*

4 бөлім. Музыка: дәстүрлі, классикалық, заманауи

*Еуразия халықтарының дәстүрлі музыкасын салыстырмалы түрде зерттеу мәселелері
Жаһандану жағдайында дәстүрлі музыканттарды кәсіби тұрғыдан даярлау мәселелері
Музыкалық орындаушылық өнердің дүниетанымдық қырлары
Музыка мен экран өнерінің өзара әрекеттесуі*

5 бөлім. Өнер философиясы және мәдениеттану

Өнердегі дәстүрлер мен инновациялар

Мәдени сәйкестендіру және жаһандану

Қазіргі кино мен телевизиядағы тұлға және қоғам

Кино мен телевизиядағы әлеуметтік жауапкершілік және шығармашылық еркіндік

Бейнелеу өнеріндегі бейнелілік және ұтымдылық

6 бөлім. Компьютерлік технологиялар

Өнердегі, білімдегі және ғылымдағы компьютерлік технологиялар

БАҚ және дата-журналистика: БАҚ-тағы цифрлық технологиялар

SMM және цифрлық маркетинг: трендтер мен құралдар

Веб-қосымшаларды әзірлеу және бағдарламалау

Әлеуметтік желіні және мәліметтер базасын басқару

Ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға ғылыми және білім беру, шығармашылық мекемелерінің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері, докторанттар, магистранттар (тұратын еліне қарамастан) шақырылады.

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Қатысу формалары: күндізгі және сырттай.

Конференцияға қатысу үшін Ұйымдастыру комитетіне электрондық мекенжайға danara.mussakhan@gmail.com қатысуға өтінімді (№1 Қосымшаны қараңыз) және баяндама/мақала мәтінін (№2 Қосымшада Ресімдеуге қойылатын талаптарды қараңыз) **2024 жылғы 27 желтоқсанға дейін** (қоса алғанда) ұсыну қажет. Мақаласы бар файлды бірінші автордың тегіне сәйкес аталуы қажет, мысалы, «Попов, 3 бөлім». Бір файлда тек бір мақала болу керек. Бір мақалада авторларының саны үш адамнан аспауы тиіс.

Мақала тіркелген файлды бірінші автордың тегіне сәйкес атау керек, мысалы, «Попов, 3 бөлім». Бір файлда тек бір мақала болуы тиіс. Бір мақала авторларының саны үш адамнан аспауы тиіс.

Ұйымдастырушылық жарналар қарастырылмаған. Жинақтың электрондық нұсқасы мен конференция сертификаттары іс-шара өткізілген күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде авторларға жіберіледі. Жинаққа **ISBN** тағайындалады. Конференция материалдары Академия сайтында электронды түрде қолжетімді болады: <https://kaznai.kz>

Ұйымдастыру комитеті жалпыға ортақ ғылыми және этикалық нормаларды ескере отырып дайындалған, бұрын еш жерде жарияланбаған түпнұсқа ғылыми мақалаларды ғана қабылдайды. Ұйымдастыру комитеті конференция тақырыбына, баяндаманың ғылыми стиліне және ресімделуіне қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін өтінімдерді қабылдамау құқығын өзіне қалдырады. Көрсетілген мерзімнен кеш ұсынылған материалдар жариялауға қабылданбайды.

Жол жүру және тұру ақысын іс-сапарға жіберуші тарап төлейді.

Мекен-жайы: 050000, Алматы қ., Панфилов к-сі, 127.

E-mail: danara.mussakhan@gmail.com

Ұйымдастыру комитетімен хат алмасу, тек қана көрсетілген электрондық пошта мекен-жайы бойынша жүргізіледі.

Анықтама телефондары: +7 701 111 1190, + 7 777 852 2777